

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығы.

"Актілер жинағында" және  
республикалық баспасөзде  
жариялануға тиіс

Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі реттеуге және оның тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік реформаны жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы 22-бабының 2-тармағына және 23-бабының 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Алып тасталды - ҚР Президентінің 25.08.2014 № 898 Жарлығымен.
2. Таратылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің базасында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі құрылсын.

### 3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің және Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің туризмді дамыту функциялары Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігіне, ал мемлекеттік жастар саясаты саласындағы функциялары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне беріле отырып, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне қосу жолымен;

2) Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі оның шағын кәсіпкерлікті тікелей қолдау функциялары жергілікті атқарушы органдарға беріле отырып, сондай-ақ оған мынадай:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті реттеу;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы ірі машина жасау және өнеркәсіп;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің инновацияларды дамытуды үйлестіру және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, инновациялық кәсіпкерлік, қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру саласындағы функциялары беріле отырып;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі оның жер қойнауын қорғау жөніндегі бақылау-қадағалау функциялары - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне, ал күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа энергетикалық ұйымдардың дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялары (ұлттық компаниялардың қызметін үйлестіруді қоспағанда) жергілікті атқарушы органдарға беріле отырып;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитетін қосу жолымен;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру жөніндегі комитетінің экономика секторларындағы мемлекеттік активтерді басқару аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласындағы функциялары Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне беріле отырып;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі, оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қосу жолымен;

7) Қазақстан Республикасының Кедендей бақылау агенттігі, оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қосу жолымен;

8) Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қосу жолымен;

9) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі оның бәсекелестікті қорғау жөніндегі функциялары Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігіне беріле отырып, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

#### 4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

##### 1) мыналарды:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі комитетінің тиісті аумақтық бөлімшелерімен, оларға өнеркәсіп қауіпсіздігін, өртке қарсы қадағалауды және азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қадағалауды қамтамасыз ету саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын шоғырландыра отырып;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетін;

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетін;

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Құрылыш және түрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетін;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетін;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетін;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетін, оған министрліктің бақылау-қадағалау және реттеу функцияларын бере отырып;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетін;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетін;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетін;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетін;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табигатты қорғауды бақылау комитетін;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетін;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитетін, оған министрліктің денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функцияларын бере отырып;

## 2) мыналар таратылсын:

қайта үйімдастырылатын Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мұрағаттарды және құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Шағын бизнесі қолдау жөніндегі комитеті оның функцияларын атап алған министрліктің орталық аппаратына бере отырып;

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп комитеті;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестаттау комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылышы комитеті;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті;

ТМД, ЕурАЗЭК және БЭК мәселелері жөніндегі министрдің арнаулы орынбасарын белгілей отырып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті оның функцияларын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратына берілсін;

3) қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің аумақтық бөлімшелері таратылсын;

4) азаматтық хал актілерін тіркеу, азаматтарды құжаттандыру және тіркеу функцияларын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетіне беруді қамтамасыз етсін;

5) ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін министрліктер мен олардың ведомстволарының ішкі қайта ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін, оның барысында жергілікті, сондай-ақ орталық билік органдарының штат санын елеулі қысқартуды көздесін және Қазақстан Республикасының қайта ұйымдастырылатын әрі таратылатын мемлекеттік органдарының штат санын қайта бөлуді қамтамасыз етсін;

6) он күн мерзімде жергілікті атқарушы органдардың біріздендірілген үлгі құрылымын бекітсін және ағымдағы жылдың аяғына дейін жергілікті атқарушы органдардың құрылымын жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымына сәйкес келтірсін;

7) министрліктер мен комитеттердің құрылымын, функцияларын және өкілеттіктерін осы Жарлықпен белгіленген мемлекеттік басқарудың принциптеріне кезең-кезеңмен сәйкес келтірсін;

8) осы Жарлықтың талаптарынан туындастын заңдар жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

9) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.02.14 N 536 Жарлығымен.**

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығының 1-тармағына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы абзацтар алынып тасталсын:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі";  
"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі";  
"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі";  
"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі";  
"Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі";  
мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі";  
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі";  
"Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі".

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан  
Президенті

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК